

САҚТАРМЫЗ МӘҢГІ ЖАҚСЫ ӘНДІ

Елімнің ерке бұлбұлы,
Ертерек кеттің, қош, Күләш!
Қазаңның қинап зар-мұңы,
Қамыға жүрек төкті жас.

Халықтың атын шығарған
Қадірлі сонша бір бала ең.
Жасыңда шырқап шығаннан
Бақытына соның жырлап ең.

Алатау, Арқа жапанды
Сыңғырай бөлеп ән, күйге;
Қуанттың күнде Отанды,
Әніңмен кіріп әр үйге.

Елің де сені көтерді,
Қаласаң: жұлдыз, күн қадап,
Ішінен енді кетерде,
Жырлады және гүлге орап...

Қапыда қазаң тым батты,
Халқынды қатты күрсінтіп;
Талайды тербеп жырлатты,
Талайдың көңілін шер тұтып...

Анандай арып асқарын,
Әжімді жүзін бұлт басып;
Қарады мөлт-мөлт тастарың,
Сайлардан өкси су тасып.

Желпіді жер де перзентін,
Кеудеңе салқын нұр бүркіп;
Қайырылды бұлт та кей дүркін,
Көзіне жасын бірге іркіп.

Аралай жүріп атырабын,
Әндеткен өзін еркелеп,
Тұқыртып тудай жапырағын,
Жолыңа төнді бәйтерек.

Жасыңнан қонып сайраған,
Жөнелдің тастап бақшаңды...
Өзіндей бірақ жайнаған
Сақтармыз мәңгі жақсы әнді!

Қазақ әдебиеті. – 1957.– №24. – 2 б.